

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына,  
«Қазақстанның халық партиясы»  
фракциясының мүшелеріне

2021 жылғы 26 мамырдағы № ДС-192 сауалға

### Құрметті депутаттар!

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың саны жыл сайын орта есеппен 50 мыңға өсіп, **565 мыңнан** адамнан асты.

Бүгінгі таңда мемлекеттің тұрғын үй саясаты мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу құқығын әлі пайдаланбаған, жеке тұрғын үйі жоқ, кезекте тұрған адамдарға тұрғын үй көмегін көрсетуге бағытталған.

Ал пәтерінің ауданын ұлғайтып, тұрғын үй жағдайын жақсартуға тілек білдірген және жеке меншігінде тұрғын үйі бар азаматтарды кезекке қосу қазір кезекте тұрған адамдарды қамтамасыз ету мерзімдерінің артуына алып келеді және бюджеттен қомақты қаржы шығынын талап етеді.

Бұл ұсыныс жеке баспанасы жоқ азаматтар тарапынан түсініспеушілік тудыруы мүмкін екенін айта кету керек.

Сонымен қатар, 2021 жылғы 26 қаңтарда Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы берген тапсырмаға сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы (бұдан әрі – заң жобасы) шеңберінде тұрғын үй саясатына жаңа тәсілдерді енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Заң жобасының негізгі жаңалықтарының бірі ол қазір кезекте тұрғандар базасын «Отбасы банк» АҚ-ның (ҚТҚЖБ) қарамағына беру болып табылады, ол кезекке қоюды жеңілдікті тұрғын үйді, бөлуді және тұрғын үйге мұқтаж барлық азаматтардың есепке алуды орталықтандырып жүзеге асыратын болады.

Кезекте тұрғандар арасында тұрғын үйді бөлудің негізгі қағидаты кезекке қойылған күні болады.

Жаңа тетіктердің енгізілген ескере отырып, жеке меншігінде тұрғын үйі жоқ мұқтаж азаматтарды мемлекеттік тұрғын үй көмегімен 10 жыл бойы қамту жоспарланып отыр.

Осыған байланысты бұрын тұрғын үй көмегін алған азаматтардың тұрғын үй алаңын кеңейту жөніндегі ұсынысқа қазіргі жағдайда әлі ерте деп санаймыз.

Өз кезегінде, өздерінің тұрғын үй жағдайларын жақсартуға ниетті азаматтар (*тұрғын үй алаңын кеңейту*) бастапқы жарна үшін қажетті қаражат жинақтауды ескере отырып, бүгінде елдің көптеген азаматтары пайдаланатын 3,5%-дан басталатын кредит арқылы төмен мөлшерлеме бойынша «Отбасы банк» АҚ тұрғын үй өнімдерін пайдалана алатынын атап өтеміз.

**Р. Скляр**